

**А. И. КАЙЫРБЕКОВА, Б. С. НУКЕБАЕВА,
А. К. МУХАМЕДЖАНОВА**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Учебник для 2 класса общеобразовательной школы
с русским языком обучения

2

Рекомендовано Министерством просвещения
Республики Казахстан



Алматы «Атамұра» 2022

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
К 23

Оқулық Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



Кайырбекова А. И.

К 23 Қазақ тілі. Учебник для 2 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз. обучения. В 2-х частях/А. И. Кайырбекова, В. С. Нукебаева, А. К. Мухамеджанова. – Алматы: Атамұра, 2022. – 112 стр.

ISBN 978-601-10-0034-5

Часть 1. – 2022. – 112 с.

ISBN 978-601-10-0056-7

ISBN 978-601-10-0056-7 (Часть 1)
ISBN 978-601-10-0034-5

© Кайырбекова А. И.,
Нукебаева В. С.,
Мухамеджанова А. К., 2022
© «Атамұра», 2022

Жас дос!

Бұл оқулық саған қазақ тілін үйренудегі көмекшің болады. Сені қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйретеді. Әр сабақта түрлі тапсырмалар орындайсың. Достарыңмен жақын араласып, өз ойыңды жеткізе аласың. Қазақша өлеңдер мен жаңылтпаштарды жаттайсың. Қызықты ертегілер оқисың, жұмбақтар шешесің. Мақалдың мағынасын түсінесің. Осылайша қазақ тілін үйренесің.

Қадамың сәтті болсын, жас дос!



1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-сабақ

Өзім туралы

СЕН:

- сұраққа жауап беруді;
- өзің туралы әңгімелеуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- бірге
- би
- сурет
- тіл үйрен
- асық



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Сәлем, Самат!
 - Сәлем, Әли!
 - Самат, сен неше жастасың?
 - Мен сегіз жастамын. Сен ше?
 - Мен де сегіз жастамын.
 - Нешінші сыныпта оқисың?
 - Мен екінші сыныпта оқимын. Сен ше?
 - Мен де екінші сыныпта оқимын.
- Әли неше жаста?
 - Самат нешінші сыныпта оқиды?
 - Өзің қай сыныпта оқисың?

Біліп ал!

Нешінші?

екінші сынып

Екінші сыныпта оқимыз.



Оқиық

2-тапсырма. Оқы. Аяның іс-әрекетін білдіретін сөздерді тап.

Менің атым – Аян. Жасым сегізде. Мен екінші сыныпта оқимын. Отбасымда төрт адам бар. Әкем –

ұшқыш. Анам – дәрігер. Інім алты жаста. Мен мектепке ініммен бірге барамын. Бос уақытымда сурет саламын, тіл үйренемін.



Айтайық

3-тапсырма. Берілген тірек сөздер мен суретті қатыстырып, өзің туралы айтып бер.



Тірек сөздер: жасым, сынып, отбасым, бойым, көзім, шашым, бос уақытымда.



Жазайық

4-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қой. Толықтырып жаз.

Мен  ойнаймын.

Мен  билеймін.

Мен  саламын.

2-сабақ

Менің үйім

СЕН:

- өлеңді түсініп оқуды;
- сөйлемдерді толықтырып жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- мынау
- жарық
- жаңа
- жайнап



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



Мен ауылда тұрамын. Үйіміз үлкен. Үйдің артында бақ бар. Онда алма мен алмұрт өседі. Үйдің айналасында гүл көп.

- Ол қайда тұрады?
- Қандай үйде тұрады?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Жаңа үй

Көрмеп едім ойлап бір,
Керемет деп мұншалық!
Бөлмелері жайнап тұр,
Терезесін күн шалып.
Биік тұрмыз қаладан,
Он бесінші қабатта.
Көрінер бұл арадан
Мейрам күнгі парад та.

Біліп ал!

Меншіктік мағына:

Менің үйім.

Менің бөлмем.

Менің бөлмем жарық.

Несіпбек Айтұлы

- Өлең не туралы?



Айтайық

3-тапсырма. Өз үйің туралы айтып бер. Үлгі бойынша сыныптасыңмен сөйлес.

Үлгі:

- Үйіңнің жанында не бар?
- Үйімнің жанында саябақ бар.



Жазайық

4-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

Мынау – ... үйім. Мен ... үйде тұрамын. Бөлмелері жарық және Терезесінен ... түседі. Жаңа үйіміз өте Мен ... қабатта тұрамын.

3-сабақ

Менің бөлмем

СЕН:

- диалогті сыныптасыңмен оқуды;
- суретке қарап, әңгімелеуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

сүртемін
жуамын
үстінде
тазалаймын



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Мынау – менің бөлмем. Бөлмем кең және жарық. Бөлмемде кереует, үстел, орындық, кітап сөресі, айна, кілем бар. Мен бөлмемді таза ұстаймын.

- Сен өз бөлмеңді жинайсың ба?

Біліп ал!

Бұйыру мағынасы:
Бөлмені жина!
Шаңды сүрт!
Еденді жу!



Оқыық

2-тапсырма. Диалогті сыныптасыңмен оқы.

Айнұр: – Сәлем, Назгүл!

Назгүл: – Сәлем, Айнұр!

Айнұр: – Сенің бөлмең қандай?

Назгүл: – Менің бөлмем кең және жарық.

Айнұр: – Сенің бөлмеңде қандай жиһаздар бар?

Назгүл: – Менің бөлмемде кереует, үстел, орындық, кітап сөресі, айна бар.

Айнұр: – Бөлмеңді өзің жинайсың ба?

Назгүл: – Иә, аптасына екі рет тазалаймын.

Айнұр: – Сау бол, Назгүл!

Назгүл: – Сау бол, Айнұр!



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Өңгімелеп бер.



Біліп ал!
Қандай?
таза бөлме

Тірек сөздер: жу, сүрт, тазала, жина.

жинаймын

жуамын

сүртемін

тазалаймын



Жазайық

4-тапсырма. 3-тапсырмадағы сурет бойынша сұрақтарға жауап жаз. Қазақ тіліне тән дыбыстардың астын сыз.

Үлгі: Кереуеттің үстінде жастық жатыр.

1. Үстелдің үстінде не бар?
2. Сөреде нелер тұр?
3. Еденде не жатыр?

4-сабақ

Менің күн тәртібім

СЕН:

- мәтінді тыңдап, сұраққа жауап беруді;
- жалғау жалғап айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- ерте
- жаттығу жаса
- серуенде
- шынығу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Алмас таңертең ерте тұрады. Ол жуынады. Таңғы ас ішеді. Содан соң мектепке барады. Жаттығулар жасап шынығады. Бос уақытында ойын ойнайды. Жақсы демалады.

- Өзің күнде не істейсің?



Оқыық

Біліп ал!

Қандай?

тәртіпті бала

2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Алға қадам басамын,
Биік таудан асамын.
Жақсылықты үйренем,
Жамандықтан қашамын.
Бір, екі, үш,
Керек екен күш!

Шәмшия Жұбатова

- Өлеңде не туралы айтылған?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Оқушының күн тәртібін әңгімелеп айт.



Жазайық

4-тапсырма. Алмастың күн тәртібін айтып бер. Жалғауларды жалғап, сөйлемдерді жаз.



7.00	-да	ұйқыдан тұрады.
8.30		мектепте болады.
12.00	-де	далада серуендейді.
14.00		сабақ оқиды.
21.30		ұйықтайды.

5-сабақ

Менің ас мәзірім

СЕН:

- ас мәзірін құруды;
- сұраққа жауап беруді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- тағам
- ірімшік
- қияр
- бөліш



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



Бүгін демалыс. Анам асүйде жүр. Анам бөрімізді таңғы асқа шақырды. Інім бөліш пен ірімшікті жақсы көреді. Ағам қаймақ пен қиярды ұнатады. Мен бауырсақ, қызанақ, сүтті жақсы көремін. Анама сүт пен айран ұнайды. Ас дәмді болсын!

- Анасы қайда шақырды?
- Інісі нені жақсы көреді?
- Ағасына не ұнайды?
- Ол нені жақсы көреді?
- Анасына не ұнайды?

**Айтайық**

2-тапсырма. Тағамдарды себеттер бойынша бөліп, топтастырып айт. Үлгі бойынша сұраққа жауап бер.

Нан, айран, қуырдақ, тоқаш, қияр, ірімшік, орамжапырақ, май, бөліш, қаймақ, сәбіз, қазы, бауырсақ, қызанақ, сүт, құрт.

			
көгөністер	сүт тағамдары	ет тағамдары	ұн тағамдары

Үлгі: Мен көгөністерден әзірленген тағамдарды жақсы көремін.

- Сен қандай тағамды жақсы көресің?

**Оқыық**

3-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Достарым, мен ауырып қалдым. Дәрігер маған: «Дұрыс тамақтан», – деді. Мен торт пен балмұздаққа тапсырыс бердім. Бұлар – маған ұнайтын тағамдар.

- Бала дұрыс тамақтанды ма?

**Жазайық**

4-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрап жаз. Қазақ тіліне тән дыбыстардың астын сыз.

Мен, жұмыртқа, таңғы, жеймін, аста.

Сен, ұнатасың ба, палауды?

Бұл, дәмді, сорпа, қандай!

6-сабақ

Менің киімдерім

СЕН:

- өлеңді түсініп оқуды;
- киім атауларын ажыратуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- белдемше
- белдік
- күрте
- баскиім



Айтайық

1-тапсырма. Суреттерге қара. Кесте бойынша киімдерді ажыратып айт.



Ұлдың киімі	Қыздың киімі



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықта.

- | | |
|---------------------------------------|---------------|
| ✓ Олар анасымен киім дүкеніне келді. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Анасы Айгүлге көйлек кигізіп көрді. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Айгүлге көйлек ұнады. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Сәуле өзіне белдемше сатып алды. | (дұрыс/бұрыс) |



Жазайық

3-тапсырма. Үлгіге қарап, ұқсас диалог құрастырып жаз.

Үлгі:

- Сәлем, Дина! Сен қайда бардың?
- Сәлем! Мен киім дүкеніне бардым.
- Не сатып алдың?
- Мен әдемі көйлек пен қалпақ сатып алдым.



Оқыық

4-тапсырма. Оқы. Өлеңде суреттердегі қай киімдер аталғанын айт.

Қыс келді ғой, алақай!
Жүр ойнайық, балақай!
Қорқасың ба суықтан?
Басыңа ки малақай!
Қолыңа ки қолғапты,
Қолың сонда тоңбайды.
Етік болса аяқта,
Аяз қауіп болмайды.



Бекжан Көпбосынов

7-сабақ

Қандай киім киеміз?

СЕН:

- сұраққа жауап беруді;
- киімді сипаттап айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- жейде
- қолшатыр
- тон
- жұқа



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Бұл – киім дүкені. Киім дүкенінде көйлек, жейде, шалбар, тон бар. Дана анасымен дүкенге келді. Олар Данаға көк шалбар, қара тон сатып алды. Дана анасына рақмет айтты.

- Дана қандай киімдер сатып алды?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мұрат мектепке жиналды. Терезеден далаға қарады. Жаңбыр жауып тұр. Анасы: «Жылы киін», – деп ескертті. Мұрат үстіне жылы күрте, жұқа жейде, аяғына бөтеңке киді. Басына баскиім, қолына қолшатыр ұстады.

- Мұрат қайда жиналды?
- Ауа райы қандай?
- Мұрат қандай киімдер киді?
- Бұл қай жыл мезгілі деп ойлайсың?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Жыл мезгілдеріне сай киім түрлерін ата.



Көктемгі киім – күрте, ...,

Жазғы киім – ...,

Күзгі киім – ...,

Қысқы киім – ...,



Жазайық

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қой. Сурет атауларын қатыстырып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Б...з қолымызға  киеміз.

2. Ағам басына  кид... .

3. Інім ая...ына  киді.

8-сабақ

Менің сүйікті ісім – кітап оқу

СЕН:

- ертегіні түсініп оқуды;
- хабарландыру жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

сүйікті іс
бірдей
ертегі
сайыс



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.



Біліп ал!

Меншіктік мағына:
Менің сүйікті ісім.

Менің атым – Марат. Кітап оқығанды жақсы көремін. Менің кітабым көп. Кітап – жақсы дос.

- Кітапты қайдан алуға болады?



Айтайық

2-тапсырма. Ұқсас диалог құрастырып айт.

- Диас, бұл не?
- Бұл – кітап.
- Сен кітап оқығанды ұнатасың ба?
- Иә, менің сүйікті ісім – кітап оқу.



Оқыық

3-тапсырма. Ертегіні оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Бірде жасыл, қызыл, сары қарындаштар кездесіп қалды. Бойлары әртүрлі қарындаштар бір-біріне таңдана қарайды.

– Мен бәріңнен ұзынмын, – деді қызыл қарындаш.

Ал жасыл қарындаш:

– Жапырақтарды жасыл түске бояй-бояй қысқарып қалдым, – деді. Сары түсті қарындаш:

– Біздің бойымыз бірдей, – деді.

- Қарындаштардың түстері қандай?
- Қай қарындаш ұзын?
- Жасыл қарындаш не деді?



Жазайық

4-тапсырма. Мектепте тоғызқұмалақтан сайыс өтеді. Сурет бойынша хабарландыру жаз. Достарыңды шақыр.

Үлгі:

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Мектепте шахматтан жарыс өтеді.
2-сынып оқушыларын жарысқа
қатысуға шақырамыз.



9-сабақ

Үйірмеге шақырамын

СЕН:

- сурет бойынша әңгімелеуді;
- сұраққа жауап беруді үйренесің.

- Жаңа сөздер:*
- сурет үйірмесі
 - ән үйірмесі
 - домбыра үйірмесі
 - би үйірмесі



Айтайық

1-тапсырма. Суреттерге қара. Досыңа өзің білетін үйірмелер туралы айтып бер.



Біліп ал!

*Шақтық мағына
(күнделікті іс-әрекет):*

Мен үйрен**емін**.

Мен тіл үйрен**емін**.

Мен шақыр**амын**.

Мен үйірмеге шақыр**амын**.



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықта.

- | | |
|------------------------------|---------------|
| ✓ Данияр мен Аружан билейді. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Олар ұлттық биді билейді. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Олардың көп жетістігі бар. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Достары да би билейді. | (дұрыс/бұрыс) |



Оқыық

3-тапсырма. Хабарландыруды оқы. Сұрақтарға жауап бер.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Мектепте би үйірмесі ашылды. Үйірме сәрсенбі, жұма күндері би залында өтеді.

- Қандай үйірме ашылды?
- Үйірме аптаның қай күндерінде болады?



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. Достарыңды домбыра мен ән үйірмелеріне шақыр. Дәптеріңе үйірме туралы хабарландыру жаз.



10-сабақ

Менің сүйікті үйірмем

СЕН:

- тыңдалым мәтіні бойынша сұраққа жауап беруді;
- тірек сөздер бойынша әңгімелеп айту-ды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- үйрен
- биле
- ән айт
- тарту



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сыныптасыңмен сұрақтарға жауап бер.

Мектепте сурет үйірмесі, ән үйірмесі, домбыра үйірмесі бар. Мен домбыра үйірмесіне барамын. Маған домбыра тартқан ұнайды.

- Мектепте қандай үйірмелер бар?
- Сен қандай үйірмеге қатысасың?



Оқиық

2-тапсырма. Оқы. Домбыра туралы сыныптасыңа айттып бер.

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Домбырада әртүрлі ән, күй орындалады. Домбыра ішекті аспапқа жатады. Домбыраны ағаштан жасайды.



Тірек сөздер: домбыра, ұлттық, аспап, үйірмеде, үйрен, ән айт, күй, орында.



Айтайық

3-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрастырып айт.

Әділ қайда келді?



Домбыраны кім
үйретті?



Әділ домбырада не
ойнады?



Әділ не үшін қуанды?



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Сен



үйірмесінде



ойнайсың.

Сіз



үйірмесінде



билейсіз.

Ол



үйірмесінде



айтады.

11-сабақ

Менің демалыс күнім

СЕН:

- сурет бойынша әңгімелеуді;
- сұраққа жауап беруді үйренесің.

Жаңа сөздер:


- аңдар
- хайуанаттар бағы
- саябақ
- шөп



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.



Біліп ал!

Көптік мағына:

- лар, -лер
- дар, -дер
- тар, -тер

Ертең жексенбі. Мен отбасыммен аквапаркке барамын. Онда өте көңілді. Ерлан досымен хайуанаттар бағына барады. Хайуанаттар бағында маймыл, бұғы, қолтырауын, керік, піл, арыстан бар.

- Мен отбасыммен қайда барамын?
- Аквапаркте не істеймін?
- Ерлан досымен қайда барады?
- Хайуанаттар бағында қандай аңдар бар?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Мәтіннен *нелер?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Мен досыммен хайуанаттар бағына бардым. Онда түрлі аңдар мен құстар бар. Хайуанаттар бағында қояндарды көрдім. Оларға шөп бердім.



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Сұрақтар бойынша бір-неше сөйлем құрап айт.

Қайда?

Кіммен?



Жазайық

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

Мен $\left\{ \begin{array}{l} \text{анаммен ...} \\ \text{әкеммен ...} \\ \text{досыммен ...} \end{array} \right. \rightarrow \text{барамын.}$

Керекті сөздер: дүкенге, саябаққа, хайуанаттар бағына.

12-сабақ

Менің туған күнім

СЕН:

- сурет бойынша сөйлем құрауды;
- туған күнге арнап құттықтау сөз айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- сыйлық
- балмұздақ
- ашықхат
- туған күн



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



Бүгін біз мектепте Айзерені туған күнімен құттықтадық. Біз Айзереге сыйлық жасадық. Гүлшоғы мен түрлі ашықхаттар дайындадық. Сабақтан соң саябаққа бардық. Саябақта балмұздақ жедік. Айзере қатты қуанды.

- Бүгін кімнің туған күні?
- Достары қандай сыйлық жасады?
- Олар қайда барды?
- Не жеді?



Айтайық

2-тапсырма. Суретке қара. Бүгін досыңның туған күні. Қандай сыйлық беруге болатынын әңгімелеп айт.



Оқыық

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып оқы.

... менің туған күнім.

Туған күніме ... келді.

Олар маған ... сыйлады.

Сыйлық маған ұнады.



Жазайық

4-тапсырма. Досыңды туған күнімен құттықта. Құттықтауды дәптерге жаз.

Тірек сөздер: құрметті, денсаулық, қуаныш, құттықтаймын, тілеймін.

13-сабақ

Уақыт кестесі

СЕН:

- кейіпкерлерді сипаттауды;
- сұраққа жауап беруді;
- күн тәртібін жоспарлауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- әдетте
- күнде
- сыры
- таңдану



Оқыық

1-тапсырма. Мысалды оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Құмырсқа мен Қарақоңыз бір сыныпта оқиды. Құмырсқа күнде «бестік» алып, Қарақоңыз «екі» ала беріпті. Қарақоңыз Құмырсқадан:

– Сенің жақсы оқуыңның сыры неде? – деп сұрапты.

– Оның сыры – уақыт кестесінде.

Қарақоңыз өзінің уақыт кестесін жасайды.

Қалай жасаса да, уақытын ойыннан артылта алмапты.

«Құмырсқа ойынға жетпеген уақытты сабақ дайындауға қалай жеткізіп жүр екен?» деп таңданыпты.



Сансызбай Сарғасқаев

- Мәтіндегі кейіпкерлер кімдер?
- Құмырсқаның жақсы оқуының себебі неде?



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Демалыс күнін жоспарлау қажет. Әдетте отбасы мүшелері демалысты бірге өткізеді. Демалыста әркім ұнататын істерімен айналысады. Табиғат аясында жақсы демалуға болады.

- Сен демалыс күніңді қалай өткізесің?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерді салыстыр. Өз пікіріңді айт.



Жазайық

4-тапсырма. Бір күндік уақыт кестенді жоспарла. Дәптеріңе жаз.

Таңертең
Түсте
Кешке



...
...
...

- Мен не істеймін?

14-сабақ

Сен не үйрендің?

СЕН:

- мәтінді мәнерлеп оқуды;
- суретпен әңгіме құрастыруды;
- мәтінді тыңдауды және сұраққа жауап беруді;
- хабарландыру жазуды үйрендің.

БӨЛМЕ
ОҚУ ҚҰРАЛЫ
КИІМ
ТАҒАМ
ҮЙІРМЕ



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Менің киімдерім

Буынғаным –
Бір белдік,
Мұны, көне,
Бір делік.
Екі қолғап,
Бір шалбар
Және үстімде бір тон бар.
Барлық бала кимей ме
Екі шұлық,
Бір жейде?
Оған енді тосылмай,
Екі етікті қосыңдар.
Он болды ма барлығы,
Есте сақтап қал мұны!



Өтепберген Ақыпбекұлы

- Қандай киім түрлері аталды? Суреттерден көрсет.



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Қарамен жазылған сөздерге сұрақтар қой.

Айдын – менің **ең жақын** досым. Ол – **ұқып-ты, тәртіпті** бала. Айдынның сүйікті ісі – кітап оқу. Бүгін демалыс. Досым екеуіміз кітап дүкеніне келдік. Біз **қызықты** кітаптар сатып алдық.



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Өз бөлмең туралы әңгімелеп бер.



Жазайық

4-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қой. Толықтырып жаз.

Мен  оқимын.

Сіз  айтасыз.

Сен  билейсің.

Ол  салады.

2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

1-сабақ

Менің отбасым

СЕН:

- мәтін бойынша сұраққа жауап беруді;
- отбасы мүшелерін сипаттап айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- шағын
- тоқиды
- балабақша
- асүйде



Оқыық

1-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Менің атым – Манат. Отбасым үлкен. Отбасымда жеті адам бар. Атам мен әжем – зейнеткер. Әкем – мұнайшы, анам – тігінші. Інім бірінші сыныпта оқиды. Қарындасым балабақшаға барады. Мен отбасымды жақсы көремін.

- Манаттың отбасы қандай?



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықта.

- | | |
|----------------------------|---------------|
| ✓ Дананың отбасы шағын. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Атасы жетпіс жаста. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Інісі төрт жаста. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Әкесі шахмат ойнап отыр. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Әжесі асүйде жүр. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Анасы тоқыма тоқып отыр. | (дұрыс/бұрыс) |

МЕНІҢ		-м, -ім, -ым	
атам	әкем	ағам	інім
әжем	анам	әпкем	қарындасым



Айтайық

3-тапсырма. Өз отбасың туралы айтып бер.

- Сенің отбасың қандай?
- Отбасыңда неше адам бар?
- Атаң мен әжең бар ма?
- Сенің інің, қарындасың бар ма?



Жазайық

4-тапсырма. Суретке қара. Отбасы мүшелерінің бірін сипаттап жаз.



Тірек сөздер: жасы, сырт келбеті (көзі, шашы, бойы), мінезі.

2-сабақ

Отбасы мүшелері

СЕН:

- сурет бойынша сұрақтарға жауап беруді;
- жаңылтпашты жатқа айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

тату
сыйлау
бауырмал
ақылды



Оқыық

1-тапсырма. Оқы. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.



Бір үйде тұратын адамдарды отбасы мүшелері дейміз. Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлайды, бір-біріне көмектеседі. Үлкен отбасы және шағын отбасы болады. Отбасы мүшелері өте тату тұрады.

- Суреттерде қандай отбасылар бейнеленген?
- Әкеңнің әкесі саған кім болады?
- Әкеңнің анасы саған кім болады?



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Ата ақылы

Кім үлкенді тыңдаса,
Кім үлкенді сыйласа,
Үлкен болған кезінде
Сыйлы болмақ өзі де.

Сырбай Мәуленов

- Ата қандай ақыл айтты?



Айтайық

3-тапсырма. Оқы. Жаңылтпашты жатқа айт.

Атам бақ аралады,	Апам көл жағалады,
Ағам тал аралады.	Асыл ат тағалады.

Нұрлан Қалқа



Жазайық

4-тапсырма. Бос орынды керекті сөздермен толықтырып, көшіріп жаз.

Досымның інісі _____.

Дарханның анасы _____.

Менің қарындасым _____.

Менің отбасым _____.

Айшаның атасы мен әжесі – _____.

Керекті сөздер: үлгілі, бауырмал, ақылды, мейірімді, қарапайым адамдар.

3-сабақ

Менің атам мен әжем

СЕН:

- сұхбат құрастыруды;
- мәтін құрастыруды үйренесің.

Жаңа сөздер:

• мейірімді
• қамқор
• алақан
• күлу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Менің әжем

Менің әжем әдемі,
Алақаны аялы.
Біз даладан келгенде,
Күліп құшақ жаяды.

Баянғали Әлімжанов

- Өлең не туралы?



Оқыық

Біліп ал!

Қандай?

Ол – **қамқор** адам.

2-тапсырма. Оқы.

Менің атам

Менің атам ауылда тұрады. Атамның жасы 74-те. Ол – зейнеткер. Атам – ақылды, мейірімді адам.

- *Қандай?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.



Айтайық

3-тапсырма. Сыныптасыңмен сұхбатты толықтырып айт.

– Сенің әжең қандай?

– Сенің атаң қандай адам?

– Атаңның жасы нешеде?

– Атаң не істейді?



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. «Менің атам мен әжем» тақырыбына мәтін құрастырып жаз.



Тірек сөздер: ақылды, мейірімді, ертегі, көмектесу, қамқор.

4-сабақ

Менің әкем

СЕН:

- мәтінді өз ойыңмен аяқтап айтуды;
- мақалды толықтырып жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- жаңалық
- тарайды
- өтірік
- адал



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Жұмбақтың шешуін тап.

Әкем де оған қарайды,
Анам да оған қарайды.
Жаңалық та, кино да
Бір өзінен тарайды.



Айтайық

Серікбол Хасан

2-тапсырма. Мәтінді өз ойыңмен аяқтап айт.



Бір бала жалғыз жатып ұйықтаудан қорқатын еді. Анасы оған: «Әкеңе қара, әкеңдей бол! Ол батыл әрі күшті», – деді. Кішкентай бала ойланып қалды. Ол әкесіндей ...



Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.



Әкем – ең жақсы адам. Мен әкемнен үлгі аламын. Ол отбасымызға қамқор, мейірімді. Мені күнде еркелетеді. Сабағыма көмектеседі. Ашуланғанда «сабырлы, салмақты бол» дейді. Әкем маған таза жүруді, өтірік айтпауды, адал болуды үйретті.

- Әкесі қандай адам?
- Әкесі оған қандай ақыл айтады?
- Ол нені үйретті?



Жазайық

4-тапсырма. Мақалды толықтырып, көшіріп жаз.



... – асқар тау,
 ... – бауырындағы бұлақ,
 ... – жағасындағы құрақ.

5-сабақ

Менің анам

СЕН:

- сұраққа жауап беруді;
- сыйлық жасауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

еркелетеді
қуантады
мейірбан
сыйлау



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Менің анам мейірбан,
Нұр төгілген көзінен.
Қуантады қашанда
Жылы-жылы сөзімен.

Нығмет Нұрмақов

- Сенің анаң қандай?



Айтайық

2-тапсырма. Анаң сені қалай еркелетеді? Сызбаға қарап айт.



 +ым	 +ім
 +м	 +ым
 +ім	 +ым





Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Жақында Сымбаттың анасының туған күні болды. Ол құттықтау хат дайындады. «Анашым, туған күніңіз құтты болсын!» деп жазды.

- Сен қандай құттықтау хат жазар едің?



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. Анаңа не сыйлайтыныңды жаз.



Біліп ал!
Кім?
Анам шақырды.

Үлгі:

Мен анама гүл сыйлаймын.

Біліп ал!
Нені?
Сыйлық**ты** бердім.

6-сабақ

Менің ағам

СЕН:

- үлгі бойынша сөйлем құрап айтуды;
- мінездеме беруді, сипаттауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- жалқау емес
- күй
- сыбызғы
- кеңпейіл



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Ағанды сипаттап айт.

Мені қорғап жүреді,
Ағалығын білдіріп.
Кеңпейіл оның жүрегі,
Тұрады ылғи ол күліп.

Құл-Керім Елемес



Айтайық

2-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлем құрап айт.

	оқушы	студент	дәрігер	спортшы	суретші
Анардың		✓			
Інжудің	✓				
Есеттің			✓		
Аяның					✓
Болаттың				✓	

Үлгі: Анардың ағасы – студент.



Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Суретке қара. Мінездеме бер.



Менің атым – Бекарыс. Менің ағам бар. Ол жалқау емес. Сабақты жақсы оқиды. Есепті жылдам шығарады. Ағам өте салмақты, ақылды. Ол маған қамқор. Мен ағамды сыйлаймын.

- Бекарыстың ағасы қандай?



Жазайық

4-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөзді қойып, көшіріп жаз.

Менің (ағам, інім, қарындасым, сіңлім) бар. Ол (он екі, он үш, он бес) жаста. (Менің, сенің, оның) аты – Әлихан. Әлихан (музыка, спорт, шахмат) мектебінде оқиды.

Ол (домбырада, қобызда, сыбызғыда) ойнайды. Домбырада әртүрлі күй (билейді, тартады).

7-сабақ

Менің әпкем

СЕН:

- кейіпкерді сипаттап айтуды;
- мәтін құрастыруды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- моншақ
- сырға
- білезік
- бұйым



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Әпкеңді сипаттап айт.

Жақсы оқиды сабақты,
Жөнін білер әрненің.
Өзі ақылды, талапты,
Қамқор әпкем бар менің.

Серік Әкірамұлы



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Мінездеме бер.

- Бұл не?
 - Бұл – қобыз.
 - Сенің әпкең қобыз тарта ма?
 - Иә, менің әпкем – қобызшы.
 - Ол қобызда не ойнайды?
 - Қобызда әртүрлі күй ойнайды.
- Ал сенің әпкеңнің қандай өнері бар?
- Ол әнді жақсы айтады. Мен тыңдаймын.
 - Қандай тамаша!
- Сенің әпкең бар ма?
 - Оның қандай өнері бар?



**Айтайық**

3-тапсырма. Санамақтың шешуін тап. Түс атауларын, қанша моншақ бар екенін айт.

Неше моншақ барлығы?

Біздің үйде көп моншақ,
Қызыл моншақ, көк моншақ.

Бар жасылы, ағы да,
Жетпей жүрміз санына.

Шашып алдық талай біз,
Күнде оны санаймыз.

Бүгін тағы қарадық,
Қайта-қайта санадық.

Сегіз көгі бар екен,
Он екісі ақ екен.

Қоңыр екен екеуі,
Қызыл екен жетеуі.

Неше моншақ барлығы?
Санап өзің ал мұны!

12

8

2

7

**Жазайық**

Кәрім Сауғабаев

4-тапсырма. Моншақтан қандай бұйым жасар едің? Оны қалай жасайтының туралы мәтін құрастырып жаз.

Тірек сөздер: сырға, білезік, моншақ, жіп, тіземін, байлаймын.

8-сабақ

Өнерлі отбасы

СЕН:

- өлеңді түсініп оқуды;
- тірек сөздермен мәтін құрастыруды үйренесің.

Жаңа сөздер:

өнерлі
ою
қию
сызу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Өмір таны, өнер қу,
Өнер сүйсең, жиренбе.
Өнер табу – ол да оқу,
Дамыта бер, үйрен де!

Дәулет Әлімжанов

- Өнер деген не?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің отбасым өнерлі. Әкем домбыра тартады. Анам киім тігеді. Қарындасым би билейді. Інім өн үйірмесіне барады. Ағам – суретші. Мен баян тартамын. Біз «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. Жұлделі орынға ие болдық.

- Бұл қандай отбасы деп ойлайсың?
- Әкесі не тартады?
- Анасы не тігеді?
- Олар қандай байқауға қатысты?



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Мәтін құрастырып айт.

өнерлі

ою ояды

қияды



сызады



Жазайық

4-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап жаз.

Кім ойлап тапқан?

Ең аяулы сөздерді
Жақсы көріп жаттадым.
«Күнім», «жаным» дегенді,
«Құлыншағым» дегенді,
«Айналайын» дегенді
Ойлап тапқан – Аналар!

Қайрат Жұмағалиев

- Үлкен адамдар балаларды қалай еркелетеді?

9-сабақ

Қамқорлық

СЕН:

- өлеңді түсініп оқуды;
- сурет бойынша сөйлем құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- жақсылық
- дәрі
- жәндік
- алғыс



Оқыық

1-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Қамқорлық

Құмырсқалар дән-қоқымды жинайды,
Өзі жейді,
басқаларға қимайды.
Күз келгенде тиін жаңғақ жинайды,
Өзі жейді,
басқаларға қимайды.
Ал аралар гүл тозаңын жинайды,
бал жасайды,
бөбектерге сыйлайды.



Ертай Ашықбаев

- Қай жәндік адамға жақсылық жасайды?



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Арман үйге келе жатыр. Жолда ауырған адамды көрді.

Арман:

– Сәлеметсіз бе? Ауырып қалдыңыз ба? – деп сұрады.

- Иә, жүрегім, – деді ол.
- Ағай, сізде дәрі бар ма?
- Иә, қалтамда бар, – деді ағай.

Арман ағайдың қалтасынан дәрі алып берді. Со-
сын жедел жәрдем шақырды.

– Рақмет! Ақылды бала екенсің! – деді ағай.

- Арман қандай бала?
- Сен Арманның орнында болсаң, не істер едің?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдер құрап айт.



Тірек сөздер: амандасты, шақырды, көмектесті,
алғыс айтты.

Біліп ал!

Бұйыру мағынасы:

Жақсы бол!

Жақсы адам бол!

Қамқор бол!



Жазайық

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Ерсін ... ойнатты. Сырым ... үйретті.

Керекті сөздер: коньки тебуді, інісін.

10-сабақ

Менің досым

СЕН:

- мәтінді түсініп оқуды;
- диалог құрастыруды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- салмақты
- сенімді
- көңілді
- көшіру



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Менің досымның аты – Ержан. Ол екінші сыныпта оқиды. Ержан салмақты, әдепті. Ол – өте көңілді, сенімді бала.

- Досының аты кім?
- Ол нешінші сыныпта оқиды?
- Оның досы қандай?



Айтайық

2-тапсырма. Диалог құрастырып айт. Досыңнан не істейтінін сұра.

Үлгі: – Саян, сағат сегіз болды. Сен не істейсің?
– Мен мектепке барамын.





Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



Ербол бүгін сабаққа бармай қалды. Кешке Жантастың үйіне барды. Досынан үй тапсырмасын сұрады. Ол көшіріп алуға дәптерін берді. Сол кезде Жантастың үйіне Ермек келді. Ол Ерболды көріп:

– Сен оны көшірме, мен саған есеп шығару жолын түсіндірейін. Сосын өзің де үйреніп аласың, – деді.

Ербол досының сөзін тыңдап, оған рақмет айтты.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін кейіпкерлері кімдер?



Жазайық

4-тапсырма. Сұрақтардың жауабын жаз.

Досыңның аты кім?

Сенің досың қандай?

Достар бірге не істейді?

11-сабақ

Сыйлық жасаймын

СЕН:

- сурет бойынша сыныптасыңмен сөйлесуді;
- ашықхат жасауды үйренесің.

Жаңа сөздер:
 • сыйлық жасау
 • тілек айту
 • дастарқанға шақыру
 • ертең



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Құттықтау алып қуанар,
 Ең жақсы күн – туған күн.
 Ақ тілегін еститін
 Дос-құрбы, туыс-туғанның.

Қымбат Әбілдәқызы

- Өлең не туралы?



Оқыық

Біліп ал!

Қайда? Неге?

Ауылға кел.

Дастарқанға кел.

2-тапсырма. Оқы. Үлгіге қарап, сұрақтарға жауап бер.
 Суретті қатыстырып, сыныптасыңмен сөйлес.



Үлгі:

- Сенің туған күнің қашан?
- Менің туған күнім ертең.
- Туған күніңді қалай өткізесің?
- Достарымды дастарқанға шақырамын.
- Саған қандай сыйлық ұнайды?
- Маған кітап ұнайды.

Біліп ал!

*Сөйлем құрылымы:
Мөлдір тілек айтты.
Шыңғысқа тілек айт.*



Айтайық

3-тапсырма. Сенің туған күңіңе досыңның ашықхатты қалай жасағанын айт.



• Суреттегі заттардың қайсысын таңдады деп ойлайсың?

Тірек сөздер: қайшы, желім, түрлі түсті қағаз, жіп, ине.



Жазайық

4-тапсырма. Айжанға досының туған күніне құттықтау хат жазуға көмектес. Төмендегі сөздерді пайдалан.

Қымбатты/сүйікті
Құтты болсын!
Денсаулық/бақыт тілеймін.



12-сабақ

Менің ең жақын досым

СЕН:

- досыңды сипаттап айтуды;
- қажетті ақпараттарды есте сақтауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- ғажайып
- құлақ тосу
- аласа бойлы
- ұзын бойлы



Оқыық

1-тапсырма. Оқы. Досың туралы айт.

Менің досым

Сендер менің сөзіме
Құлақтарың тосыңдар.
Қатты ұнайтын өзіме
Ғажайып бір досым бар.

Қадыр Мырза Әли



Үлгі: Менің досым ұзын бойлы,



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Суреттерге қара. Сұраққа жауап бер.



- Балалар не істеді?



Айтайық

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.


Бекжан


Меруерт


Мадияр


Сара

не істейді?






Есіңе сақта!

Досыңа адал бол.
 Досыңмен тату бол.
 Досыңа кешірімді бол.



Жазайық

4-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлемдер құрап жаз.

Сенің досың не істейді?

		
футбол ойнау	кітап оқу	кілем тазалау

13-сабақ

Отбасым және достарым

СЕН:

- досыңды таныстыруды;
- сөйлемдерді дұрыс құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- досы
- бойы
- сүйікті
- татуласу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Менің атым – Сапар. Әкемнің досы бар. Ол – инженер. Оның бойы ұзын, көзі көк. Әкемнің досының сүйікті спорты – футбол.

- Сапардың әкесінің досы қандай?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сана.

Біліп ал!

*Кімнің досы?
Менің досым.
Сенің досың.
Оның досы.*

Бір үйде біз нешеуіміз?
Кел, санайық екеуіміз.
Бас бармақ – әкем,
Балаң үйрек – шешем,
Ортан терек – ағам,
Шылдыр шүмек – мен,
Кішкентай бөбек – сен.
Бір үйде біз нешеуіміз?
Бір үйде біз бесеуіміз.

Адырбек Сопыбеков



Айтайық

3-тапсырма. Оқиғалар бойынша өз ойыңды айт.

1-оқиға	2-оқиға
Досыңды ренжітіп алдың. Татуласу үшін қандай сөз айтасың?	Досың ауруханада жатыр. Денсаулығын қалай білесің?



Жазайық

4-тапсырма. Суретке қара. Үлгі бойынша бірнеше сөйлем құрап жаз.



Үлгі: Менің досым бар. Оның аты – Нұрлан. Мен оған отбасы мүшелерін таныстырдым. Олар:

..., ..., ...

14-сабақ

Сен не үйрендің?

СЕН:

- мәтінді мәнерлеп оқуды;
- сурет бойынша әңгімелеуді;
- мәтінді тыңдауды және сұраққа жауап беруді;
- сұрақ қоюды үйрендің.

ОТБАСЫ
ДОСТАР
МЕРЕКЕ



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Менің отбасым шағын. Әкем, анам, әпкем бар. Әкемнің аты – Самат. Оның мамандығы – эколог. Ал анамның аты – Ажар. Ол – дизайнер. Әпкем – бесінші сынып оқушысы. Оның аты – Мәдина. Ол – үздік оқушы. Әпкем маған есеп шығаруға және анама үй шаруасына көмектеседі. Менің отбасым өте тату.

- Қандай отбасы туралы айтылған?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

«Күнім» деп күнде айтатын,
Анамды жақсы көремін.
Бақшадан алып қайтатын,
Ағамды жақсы көремін.

Батырға мені балайтын,
 Әкемді жақсы көремін.
 Қамқор боп маған қарайтын,
 Әпкемді жақсы көремін.

Сағыныш Намазшамова

- Өлең кімдер туралы?



Айтайық

3-тапсырма. «Менің туған күнім» тақырыбына сыныптасыңмен диалог құрастырып айт.

- Сәлем, ... !
- Сәлем, ... !
- Сенің туған күнің қашан?
- Менің туған күнім
- Туған күңіңе кімдер келді?
- Туған күңіме ..., ..., ..., ..., ... келді.
- Туған күңіңе анаң не сыйлады?
- Анам ... сыйлады.
- Досың не сыйлады?
- Досым ... сыйлады.
- Саған қандай сыйлықтар ұнайды?
- ...



Жазайық

4-тапсырма. Досыңды таныстыр. Дәптерге жаз.

Досыңның қандай жақсы қасиеті бар?

Өскенде кім болғысы келеді?

Досым туралы

3. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

1-сабақ

Менің мектебім

СЕН:

- өлеңді жатқа айтуды;
- сөздер мен сөйлемдерді сәйкестендіруді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- асхана
- кітапхана
- шеберхана
- мүсінші



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.



Мынау – менің мектебім. Мектеп үшқабатты. Бірінші қабатта асхана, спортзал, киім ілетін орын бар. Асхана кең, таза және жарық. Екінші және үшінші қабаттарда кітапхана, сынып бөлмелері орналасқан. Кітапханада қызықты кітаптар көп. Мектепте оқушылар, мұғалімдер бар.

- Мектеп неше қабатты?
- Асхана қандай?
- Спортзал нешінші қабатта орналасқан?
- Мектепте кімдер бар?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы, жаттап ал.

Білім құған баламыз.
Біз мектепке барамыз.
Өсіп ой мен санамыз,
Оқып, білім аламыз.

Әдібай Табылды



Айтайық

3-тапсырма. Сөздер мен сөйлемдерді сәйкестендіріп айт.

1	Асханада	а	әдемі суреттер салады.
2	Кітапханада	ә	жаттығулар жасайды.
3	Спортзалда	б	тағамдар дайындайды.
4	Шеберханада	в	қызықты кітаптар оқиды.



Жазайық

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

Мен өскенде ... болғым келеді. Мектебімізде ... бар. Бізге мұғалім ағаштан әртүрлі ... жасауды үйретеді. Маған ... жұмыс істеген ұнайды.

Керекті сөздер: мүсінші, бұйымдар, шеберханада, шеберхана.

Есіңе сақта!

Біз оқушы**мыз**.

Олар – оқушы**лар**.

2-сабақ

Біздің сыныпта

СЕН:

- тыңдай отырып, ақпаратты анықтауды;
- сурет бойынша әңгімелеп айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- аш
- ал
- сұрт
- сана



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер. Сана.

Сыныпта

Сыныпқа қара,
Ал енді сана:
Неше орындық,
Неше парта,
Неше үстел,
Неше тақта
Бар екен біздің сыныпта?



Әбдір Шапағат

- Сыныпта нелер бар?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Бұл – менің сыныбым. Ол үшінші қабатта орналасқан. Сыныпта он екі ұл, он екі қыз бар. Онда бір үстел, он екі парта, жиырма төрт орындық қойылған. Терезелердің алдын-

да гүлдер тұр. Тақтаны кезекшілер сүртеді. Біздің сынып әдемі, кең, жарық және таза.

- Сыныпта кімдер бар?
- Сыныпта нелер бар?



Айтайық

3-тапсырма. Сурет бойынша әңгімелеп айт.



Үлгі: Сыныпта бір тақта бар.



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдер құрап жаз.



Біліп ал!
Нені?
 Дәптерді аш.
 Орындықты ал.
 Тақтаны сүрт.

Тірек сөздер: дайындалды, сұрады, сұртті.

3-сабақ

Оқу құралдары

СЕН:

- оқу құралдарын ажыратуды;
- рөлге бөліп оқуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- сұра
- берші
- беріңізші
- іс-әрекет



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Портфель

Бірге бастап жол басын,
Бірге оқуға барғансың.
Қолыңдағы портфелің –
Жеті жастан жолдасың.

Сырласыңдай портфелің,
Шын досыңдай портфелің.
Жүреді оның ішінде
Кітап, қалам, дәптерің...

Несіпбек Айтұлы

- Оқу құралдарын ата.
- Бұл оқу құралдары не үшін қажет?




Айтайық

Біліп ал!

Кімнен?

Айжан**нан** сұра.

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып айт.

Мен  Айжан**нан** таза 
Сара**дан** ұзын 
Марат**тан** қызыл  сұрадым.



Оқыық

3-тапсырма. Рөлге бөліп оқы.

Жаман сөмке

Айдар мектептен келді. Әжесі оның сөмкесінің жоқ екенін байқап:

- Сөмкең қайда? – деп сұрады.
- Оны есіктің сыртына қалдырып кеттім, – деді

Айдар.

- Біреу алып кетсе қайтесің? Бар, алып кел!
- Керегі жоқ, ол жаман.
- Неге жаман? Кеше ғана алдың ғой?
- Жоқ, оның ішінде екілік бар, – деп Айдар

жылап жіберді.

«Ұлан» газетінен

- Айдардың іс-әрекеті дұрыс па?



Жазайық

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып, толықтырып жаз.



Үлгі: Маған бес кітап берші.

4-сабақ

Мектептегі сүйікті орным

СЕН:

- дұрыс-бұрыс ақпаратты табуды;
- сұрақ құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- алаң
- ойнаймыз
- би залы
- ұнайтын орын



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

- | | |
|--------------------------------------|---------------|
| ✓ Саяға ұнайтын орын – би залы. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Дәулетке ұнайтын орын – кітапхана. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Заңғарға ұнайтын орын – спортзал. | (дұрыс/бұрыс) |
- Сенің сүйікті ісің қандай?



Айтайық

2-тапсырма. Суреттерге қара. Бірнеше сөйлем құрап айт.

Біліп ал!
Бұл не?
Бұл – асхана.





Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Сұрақтар құра. Жауап бер.

Мектептегі маған ұнайтын орын – ойын алаңы. Біз оған сабақтан соң барамыз. Алаңда балалар көп. Біз демаламыз, жаттығамыз, ойнаймыз.



Үлгі:

- Саған мектепте не ұнайды?
- Маған ойын алаңы ұнайды.



Жазайық

4-тапсырма. Спортзал, би залы сөздерімен сөйлемдер құрап жаз.

Үлгі: Спортзалда доп ойнаймыз.

5-сабақ

Үзілісте

СЕН:

- тақырып бойынша ереже құрастыруды;
- тірек сөздер арқылы сөйлем құрап жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- кітапханашы
- көмектесті
- кірді
- рақмет айтты



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Көмек

Үзіліс болды. Кітапханашы жаңа кітаптар әкелді.
– Балалар, кітап тасуға көмектесіңдер, – деді кітапханашы. Біз кітап тасуға көмектестік.

Кітапхана үлкен, кең және жарық. Кітапханада кітап көп.

– Рақмет, балалар! – деді кітапханашы.
Қоңырау соғылды. Біз сыныпқа кірдік.

- Оқушылар кімге көмектесті?
- Кітапханашы кімдерге рақмет айтты?



Оқиық

2-тапсырма. Оқы. Үлгіге қара. Тәртіп сақтау ережесін құрастырып айт.

Үзілісте

Назерке екінші сыныпта оқиды. Ол сыныптың тазалығына жауап береді. «Үзілісте кезекшілер терезені ашып, тақтаны сүртеді», – деп ескертті.

Бірде Назерке:

– Біз үзіліс кезінде дұрыс демалуымыз керек.
Ол үшін не істеуіміз керек? Әркім өз ойын айт-
сын, – деді.

Үлгі:

Тәртіп сақтау ережесі:

- | | |
|---------------------|--------|
| 1. Сыныпта жүгірме. | 3. ... |
| 2. ... | 4. ... |



Айтайық

3-тапсырма. Досыңнан үзілісте не істейтінін сұра. Сұх-
бат құрастырып айт.

Үлгі:

- Саған үзіліс ұнай ма?
- Маған үзіліс ұнайды.



Жазайық

4-тапсырма. Суретке қара. Сөйлемдер құрап жаз.



Тірек сөздер: кітапханашы, үзілісте, көмектесті.

6-сабақ

Мектептегі өмір

СЕН:

- мезгілді білдіретін сөздерді;
- сурет бойынша сөйлем құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- дайындал
- қайтала
- сөйле
- үзіліс



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Мектепте сендер білім аласыңдар. Әр сабақтан кейін 5–10 минуттық үзіліс болады. Үзілісте оқушылар мектеп ауласында демалады. Үзіліс кезінде мектептің ішінде жүгіруге, секіруге, айғайлауға болмайды.

- Үзіліс кезінде не істейсің?
- Үзіліс кезінде не істеуге болмайды?



Айтайық

2-тапсырма. Суретке қара. Тірек сөздерді қатыстырып, әңгімелеп айт.



Тірек сөздер: қайталады, сөйлесті, дайындалды, үзілісте, сұртті.



Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Үлгіге қарап, сұраққа жауап бер.

Мектеп бізге білім береді. Мектепте ең маңыздысы – сабақ уақыты. Оқушылар мектеп ережесін сақтауы керек. Әр сабақтан кейін үзіліс болады. Үзілісте олар мектеп асханасынан тамақтанады. Сабақтан кейін өз істерімен айналысады.

- Сабақтан кейін не істейсің?

Үлгі:

1. Үзілісте не істейсің?
2. Үзілісте келесі сабаққа дайындаламын.



Жазайық

Біліп ал!

Мезгілді білдіретін сөз:
Күнде сабаққа барамын.

4-тапсырма. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер. Сөйлемдер құрап жаз.

Сабақта не істейсің?



Сабақтан кейін не істейсің?



7-сабақ

Мектебіме саяхат

СЕН:

- оқу құралдары атауын атап айтуды;
- өз мектебің туралы әңгімелеуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- танысу
- табу
- музыка мектебі
- ауысым



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

– Саят, мектебімізге қарашы! Қандай үлкен! Әдемі!

– Иә, Мерей, мектебіміздің ауласы кең. Аулада ағаштар, гүлдер өседі. Мұнда ойын алаңы да бар.

- Саят пен Мерейдің мектебі қандай?



Айтайық

2-тапсырма. Өз мектебіңді суреттегі мектеппен салыстырып айт.



- Сенің мектебің қандай?



Оқыық

3-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Еркін қала мектебіне келді. Сыныптағы оқушылармен танысты. Жаңа достар тапты. Еркінге әдемі әрі үлкен мектеп ұнады. Бұл мектепте балалар екі ауысымда оқиды. Мектептің жанында балалар музыка мектебі бар. Ол сабақтан соң музыка мектебіне барады.

- Еркін қайда келді?
- Еркінге мектеп ұнады ма?
- Мектептің жанында не бар?



Жазайық

4-тапсырма. Үлгі бойынша мектепке қандай заттар апаратыныңды жаз.



Үлгі:

– Мен мектепке қалам апарамын.

8-сабақ

Еңбек

СЕН:

- өлеңді түсініп оқуды;
- жұмбақты оқып, шешуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- су құю
- баптау
- зерлеу
- еден жуушы



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суреттерге қара. Сұраққа жауап бер.



Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты – еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты – еңбек.



Нұрхан Жанаев

- Өлең не туралы?



Оқыық

Біліп ал!

Қайда?

Кітап үстелде жатыр.

2-тапсырма. Жұмбақ өлеңдерді оқы. Шешуін тап.

Тазалайды, жинайды, Мектепте шаң болмайды. Оқушы да, ұстаз да Ол кісіні сыйлайды. <i>Бұл кім?</i>	Гүлзар егіп құлпыртып, Қолдан орман жасайды. Қызыл, жасыл, көк, сары Гүлдерді күнде баптайды. <i>Бұл кім?</i>
Іш ауырса, тіс ауырса, Бізге дәрі береді. Барлық ана, барлық бала Оны жақсы көреді. <i>Бұл кім?</i>	Күнде ерте келеді, Асханада жүреді. Мейірімді апай бізге Дәмді тамақ береді. <i>Бұл кім?</i>



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Балалардың іс-әрекетін айт.



Үлгі: Айдана қызанақ жинады.



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдер құрап жаз.

			
еден жуушы	дәрігер	бағбан	аспаз

Үлгі: Дәрігер бізге дәрі береді.

9-сабақ

Қай пән ұнайды?

СЕН:

- парталасыңа сұрақ қоюды;
- ұнататын пәнің туралы айтуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- пән
- қызық
- ұнайды
- ұнамайды



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Парталасыңа сұрақ қой. Жауабын айт.

- Қандай керемет! Сабақ кестесі дайын!
- Рақмет, Әсем!
- Саған қай пәндер ұнайды?
- Маған «Қазақ тілі», «Көркем еңбек» ұнайды.
- Сұлтан, саған қай сабақтар ұнамайды?
- Маған «Математика» пәні ұнамайды.
- Қызық, неге ұнамайды?
- Көп есеп шығарамыз.
- Сұлтан кіммен сөйлесті?
- Оған қай пәндер ұнайды?
- Қай пәндер ұнамайды?
- Неге ұнамайды?

Біліп ал!

Сөйлем құрылымы:

Бір аптада жеті күн бар.



Айтайық

2-тапсырма. Бір аптадағы пәндер туралы айтып бер.



Үлгі: Дүйсенбіде «Қазақ тілі» сабағында қызықты мәтіндер оқимыз.



Оқыық

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Досыңа өзіңнің сүйікті пәнің туралы айтып бер.

Менің атым – Настя. Маған ұнайтын пән – «Қазақ тілі». Әр сабақта мен жаңа сөздер үйренемін. Қазақ тілін жақсы білгім келеді.



Жазайық

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Үлгі: Біз «Денешынықтыру» сабағында ойнаймыз, жүгіреміз.

Біз «Көркем еңбек» сабағында

Біз «Дүниетану» сабағында

Біз «Математика» сабағында

Біз «Қазақ тілі» сабағында

10-сабақ

Сен не үйрендің?

СЕН:

- мектеп туралы айтуды;
- сөйлем мен сөз тіркестерін құрауды;
- сурет бойынша сұхбаттасуды;
- диалогті тыңдап, сұраққа жауап беруді;
- суреттерді салыстыруды;
- жұмбақты оқып, шешуін табуды;
- өлеңді жаттауды үйрендің.

**МЕКТЕП
СЫНЫП
ЕҢБЕК**



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Кітап оқу да,
Кесте тоқу да,
Жеміс теру де,
Көмек беру де –
Барлығы да жұмыс,
Есте ұстаған дұрыс.

Ертай Ашықбаев

- Өлең не туралы?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Әр оқушының мектепке апаратын сөмкесі бар.
Сөмкеде мектепке қажетті оқу құралдары болады.

Қаламмен әріптерді, сандарды жазады. Қарындаш сурет салу үшін керек. Өшіргіш қарындаш салған суретті өшіре алады. Қарындашты ұштау үшін ұштағышты пайдаланады.

- Сөмкеде нелер болады?
- Қаламмен не жазады?
- Сурет салу үшін не керек?
- Суретті немен өшіреді?
- Қарындашты немен ұштайды?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Оқу құралдарын қатыстырып, сөйлемдер құрап айт.



Жазайық

4-тапсырма. Хатты толықтырып, көшіріп жаз.

Сәлеметсіз бе, қымбатты ата!

Менің мектебім үлкен. Мектепте ,
, бар. Әртүрлі үйірмелер
 көп. Мен үйірмесіне барамын.

Ата, сау болыңыз!

4. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

1-сабақ

Менің Отаным

СЕН:

- табиғат туралы өз ойыңды айтуды;
- сөз тіркестерін құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- ел
- мақтану
- көл
- мөлдір



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Отаным деп, елім деп,
Орманым деп, көлім деп,
Жар саламын, мақтанам:
Қазақстаным менің деп!

Астанам деп, төрім деп,
Ұлан-байтақ жерім деп,
Жар саламын, мақтанам:
Қазақстаным менің деп!

Әділғазы Қайырбеков

- Өлең не туралы?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің туған жерім – Қазақстан. Мұнда таулар мен көлдер көп. Каспий, Арал теңіздері бар. Туған жерімнің табиғаты тамаша!

- Қазақстанның табиғаты қандай?
- Онда қандай тау, өзен, көл бар?



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Табиғат туралы өз ойыңды айт. Сұрақтарға жауап бер.



- Сенің туған өлкеңнің табиғаты қандай?
- Өзен, көл бар ма?
- Қандай тау бар?
- Қандай көрікті жерлер бар?



Жазайық

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Сөз тіркесін құрап жаз.

Үлгі: Қандай орман? – Қалың орман.

Қандай тау? –

Қандай дала? –

Қандай көл? –

Біліп ал!

Қандай?

таза ауа

жасыл орман

кең дала

мөлдір бұлақ

биік тау

2-сабақ**Отанымның табиғаты****СЕН:**

- тыңдалым мәтіні бойынша сұраққа жауап беруді;
- сурет бойынша әңгімелеуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- солтүстік
- оңтүстік
- батыс
- шығыс

**Тыңдайық****1-тапсырма.** Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Арыстан да, құлан да,
Жолбарыс та, жылан да,
Жапалақ та, қыран да,
Бәрі-бәрі бар мұнда.

Тау да, тас та, дала да,
Өзен-көл де, қала да,
Бәрі-бәрін Отан деп
Атамауға бола ма?

Сағыныш Намазшамова

- Өлең не туралы?

**Оқыық**

2-тапсырма. Оқы. *Қандай?* сұрағына жауап беретін сөздерді тауып айт.

Менің туған жерім – Көкшетау қаласы. Ол еліміздің солтүстігінде орналасқан. Біздің Отанымыздың оңтүстік, батыс, шығысында да әсем жерлер өте көп. Менің туған жерімнің табиғаты тамаша! Таулары биік, бұлақтары мөлдір, даласы кең. Ауасы қандай таза!



Айтайық

3-тапсырма. Суретке қара. Өңгімелеп айт.



Біліп ал!

*Шақтық мағына
(өткен іс-әрекет):*
Орманға бар**дым**.
Жануарды көр**дім**.
Тауға шық**тым**.
Далада ойна**дым**.



Жазайық

4-тапсырма. Жұмбақты шеш. *Нелер?* сұрағына жауап беретін сөздерді буынға бөліп, көшіріп жаз.

Жұмбақ

Сулары жоқ,
Көлдері бар.
Үйлері жоқ,
Елдері бар.
Тастары жоқ,
Таулары бар.
Қарбыздай-ақ
Аумағы бар.



3-сабақ

Отан отбасынан басталады

СЕН:

- жаңа сөздермен сөйлем құрауды;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- биік
- асқар тау
- өсімдік
- тұнық



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сызба бойынша сөйле.

Отан – атам, Отан – әжем,
Осы сөзім қате ме екен?!
Қате болса, неге біздер
Дейміз оны атамекен?!
Отан – әкем, Отан – анам,
Екеуі де бірдей маған.
Туған ел, туған жер деп,
Ол бекерге аталмаған.
Атам, әжем, әкем, анам –
Төртеуі де Отан маған.

Жарасқан Әбдіраш

- Отан деген не?

ОТАН

...	...
...	...



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мұғалім:

– Отан отбасынан басталады. Ата-ана мен Отанды бөлуге болмайды. Себебі Қазақстан – біздің туған жеріміз, – деді.

Сабақ аяқталды. Ардақ пен Айдос мектептен шықты. Оларға Отан туралы сабақ ұнады.

- Мәтін не туралы?
- Мұғалім не деді?



Жазайық

3-тапсырма. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жаз.

Тірек сөздер: туған жерім, кең-байтақ, биік, асқар тау, өсімдік, тұнық су, өзен, көл.

Біліп ал!

Кімнің?

Менің Отаным.

Менің елім.

Менің туған елім.



Айтайық

4-тапсырма. Сұрақтарға «иә/жоқ» деп жауап бер.

1. Қазақстанның жері кең-байтақ.
2. Астанасы – Алматы.
3. Қазақстан – көпұлтты мемлекет.
4. Орманға өте бай.
5. Каспий, Арал – өзендер.
6. Ту, Елтаңба, Гимн – рәміздер.
7. Менің Отаным – Қазақстан.

4-сабақ

Елімнің астанасы

СЕН:

- жаңа сөздермен сөйлем құрауды;
- хат жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- мұражай
- көрме
- ғимарат
- ойын-сауық



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Қайырлы күн, Асхат!
- Қайырлы күн, Серік!
- Асхат, сен Нұр-Сұлтанда болдың ба?
- Иә, болдым.
- Айтшы, Нұр-Сұлтан қандай қала?
- Нұр-Сұлтан – көрікті қала. Нұр-Сұлтанда тарихи мұражайлар, көрмелер, биік ғимараттар, ойын-сауық орталықтары, саябақтар бар.
- Осы жазғы демалыста мен де барамын.
- Серік, жақсы барып қайтуыңа тілектеспін.
- Аман бол!
- Сау бол!
- Асхат қай қалада болды?
- Ол онда нелерді көрді?

Біліп ал!

Нені?

Мен қаланы жақсы көремін.
Мен Отанымды жақсы көремін.



Айтайық

2-тапсырма. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.



- Суреттегі қала туралы не білесің?
- Қаланың көрікті орындарын ата.



Оқиық

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына сөздерді қойып, толықтырып оқы.

Менің атым – Мен ... жастамын. Мен ... тұрамын. Онда әдемі ... көп. Менің үйім Үйімнің қасында үлкен ... бар.



Жазайық

4-тапсырма. Туған жерің туралы досыңа хат жаз.

Тірек сөздер: ғимарат, тұрамын, қалада, саябақ, хайуанаттар бағы.

5-сабақ

Қазақстан – бақыт мекені

СЕН:

- өлеңдер мен суреттерді салыстыруды;
- сөйлем құрауды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- көпұлтты
- бақыт мекені
- ұлт өкілі
- қыран



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.



Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұнда қазақ, орыс, корей, өзбек, татар және тағы басқа ұлт өкілдері тұрады. Олар тату-тәтті өмір сүреді. Қазақстан – бақыт мекені.

- Қазақстанда тұратын басқа қандай ұлттарды білесің?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

1-өлең	2-өлең
Жұмбақтас Қазақстан – бақыт тұрағы, Қалықтай берсін қыраны. Бурабай жаққа келгенде, Жұмбақтас күтіп тұрады.	Көлсай Табиғат тапқан жарасым, Бар жанға берген дауасын. Көлсайға барып тыныста Тау жақтың таза ауасын.

Саят Қамшыгер

- Өлеңдер не туралы?



Айтайық

3-тапсырма. Суреттерге қара. Салыстыр. Көлсай, Жұмбақтас туралы әңгімелеп бер.



Жазайық

4-тапсырма. Өзен атауларын буынға бөліп, көшіріп жаз.

Жетісудың атауы жеті өзенді білдіреді. Олар: Ақсу, Көксу, Іле, Лепсі, Қаратал, Шу мен Сарқан.

6-сабақ

Көрікті қала

СЕН:

- ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықтауды;
- диалог құрастыруды үйренесің.

Жаңа сөздер:
 зәулім үй
 сәулетші
 құрылысшы
 спорт кешені



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықта.

- | | |
|--|---------------|
| ✓ Азат – сәулетші. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Ол үлкен қала салады. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Көшенің оң жағына саябақ салады. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Сол жағына демалыс орындарын салады. | (дұрыс/бұрыс) |



Оқыық

2-тапсырма. Сыныптасыңмен оқы. Суретке қара. Осыған ұқсас диалог құрастыр.

- Сәлем, Азат!
- Сәлем, Берік!
- Сен жазда қайда болдың?
- Мен астанада болдым.
- Ол қандай қала?
- Ол – әдемі қала.
- Не көрдің?
- «Бәйтеректі», спорт кешендерін, «Ханшатырды», зәулім үйлерді көрдім.



- Саған астана ұнады ма?
- Иә, ұнады.
- Сау бол, Азат!
- Сау бол, Берік!



Жазайық

3-тапсырма. Сөйлемдер құрап жаз.

Үлгі: Мен сәулетші болсам, мектеп саламын.

1. Мен сәулетші болсам,
2. Мен құрылысшы болсам,



Айтайық

4-тапсырма. Өзің армандаған қалаң туралы айт.

7-сабақ

Сен қайда тұрасың?

СЕН:

- жаңа сөздермен сөйлем құрауды;
- қайда тұратының туралы әңгімелеуді үйренесің.

Жаңа сөздер:

- бақша
- қасында
- жанында
- орналасқан



Айтайық

1-тапсырма. Құрбыңа қайда тұратының туралы айтып бер.

Үлгі:

- Сен қайда тұрасың?
- Мен ауылда тұрамын.
- Үйіңнің қасында нелер бар?
- Менің үйімнің жанында дүкен, емхана бар.



Тыңдайық



2-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс/бұрыс екенін анықта.

- | | |
|----------------------------------|---------------|
| ✓ Оның үйі орталықта орналасқан. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Үйдің оң жағында алаң бар. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Онда Абай ескерткіші бар. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✓ Үйдің жанында дәріхана бар. | (дұрыс/бұрыс) |



Оқыық

3-тапсырма. Суретке қара. Мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.



Ерасылдың досы ауылға келді. Ол досын атасының бақшасына апарды. Бақшада қарбыз, қауын өседі. Олар тәтті қарбыз жеді. Ауыл досына ұнады.

- Досың саған қонаққа келсе, сен оны қайда апарар едің?



Жазайық

4-тапсырма. Сен қайда тұрасың? Үлгіге қарап жаз.

Үлгі: Мен Бесағаш ауылында тұрамын. Менің үйім мектептің жанында орналасқан. Үйімнің қасында ... бар.

8-сабақ

Армысың, ауыл!

СЕН:

- диалогті жалғастырып айтуды;
- мәтін құрастырып жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- гүл теру
- көк шалғын
- балық аулау
- суда жүзу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер.

Аң-құсы көп тауында,
Жидегі мол бауында,
Ата-әжем тұратын
Бардым жазда ауылға.

Қармақ пенен ауды алып,
Көлден балық ауладық.
Қызыл, сары гүл теріп,
Көк шалғында аунадық.

Серік Әкірамұлы

- Жазда ауылда қандай қызықтар болады?



Айтайық

2-тапсырма. Сыныптасыңмен диалогті жалғастырып айт.

- Сен қайда бардың?
- Мен ауылға бардым.
- Сен ауылда не істедің?
- Мен ауылда



Оқық

3-тапсырма. Хатты оқы. Сұраққа жауап бер.

Сәлем, Айбар! Сен жазда ауылға қыдырып кел. Мен саған әдемі жерлерді көрсетемін. Өзенде жүземіз. Орманға бүлдірген теруге барамыз. Жазғы демалысты жақсы өткіземіз.

Сәлеммен, досың Қанат



- Қанат досын қайда шақырды?



Жазайық

4-тапсырма. Суреттерге қара. «Ауылдағы демалыс» тақырыбына мәтін құрастырып жаз.



Тірек сөздер: жазғы демалыста, атам мен әжем, көк шалғын, асық ойнаймын, демаламыз, балық аулаймын, суда жүземін, гүл теремін.

9-сабақ

Жайлауда

СЕН:

- өлеңді тыңдап, сұраққа жауап беруді;
- сөйлемді толықтырып жазуды үйренесің.

Жаңа сөздер:

- атқа міну
- көбелек қуу
- қозы бағу
- су тасу



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Жайлауға барамыз,
Көбелек қуамыз.
Шыбықтан ат мініп,
Асыр салып ойнаймыз.

Құстарға қосылып,
Ән салып сайраймыз.
Әжемнің құрт-майын
Жесек те, тоймаймыз.

Қалжан Нұрмаханов

- Өлең не туралы?
- Балалар жайлауда не істеді?



Оқиық

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Балалар жазғы демалысқа шықты. Бауыржан мен Мағжанды ата-анасы жайлауға жіберді. Оларды атасы мен әжесі қуана қарсы алды. Екеуіне жайлау ұнады. Балалар киіз үйде ұйықтады. Тауға

шықты. Бүлдірген терді, көбелек қуды. Олар атасы мен әжесіне көмектесті. Қозы бақты, бұлақтан су тасыды.

- Балалар уақыттарын қалай өткізді? Не істеді?



Айтайық

3-тапсырма. Сурет бойынша әңгімелеп айт.



Жазайық

4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Үлгі: Балалар жайлауда киіз үйде ұйықтады.

- ✓ Балалар жайлауда ...
- ✓ Балалар жайлауда ...
- ✓ Балалар жайлауда ...
- ✓ Балалар жайлауда ...

10-сабақ

Сен не үйрендің?

СЕН:

- туған өлке туралы әңгімелеуді;
- өлеңді түсініп оқуды;
- сурет бойынша әңгіме құрастыруды;
- рөлдерге бөліп оқуды;
- постер жасауды;
- дұрыс, бұрыс ақпаратты табуды үйрендің.

ТУҒАН ӨЛКЕ
КӨРІКТІ ЖЕР
ЖАЙЛАУ



Тыңдайық



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Алматы қаласы жанындағы ең көрікті жер – «Шымбұлақ» спорт кешені. Бұл жердің қысы өте керемет! «Шымбұлақты» желтоқсан айынан сәуір айына дейін қар басып жатады.

«Шымбұлаққа» асты шыныдан жасалған аспалы көпір тартылған. «Бэби-лифт» көтергіші бар балалар алаңы жасалған. Мұнда демалыс күндері адам көп келеді. Өртүрлі спорт жарыстары өтеді.

- Спорт кешені қалай аталады?
- «Шымбұлақтың» қысы қандай?
- Аспалы көпір неден жасалған?
- Балаларға арналған қандай алаң бар?



Оқыық

2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер. Жаттап ал.

Туған жердің жуасы да тәтті.

- Мақал не туралы?



Айтайық

3-тапсырма. Жағдаятқа тірек сөздерді қолданып, жауап бер.

Дариға демалысқа шықты. Ол демалыста бір қалаға баруды жоспарлады. Ол қай қалаға баратынын ойлады.

- Дариғаға қай қалаға баруға кеңес берер едің?

Тірек сөздер: кеңес беремін, баруға болады, ол қалада, тамашалайсың, көресің.



Жазайық

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына ө, ұ, ү, і, қ, ғ әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жаз.

Мен...ң Отаным – Қаза...стан. Таби...аты тамаша! Мұнда биік таулар, өзендер, көлдер, м...лдір бұлақтар бар. Жасыл орманда т...рлі жануарлар мен қ...стар мекендейді. Мен Отанымды жақсы көремін.

ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІК

1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

айна – зеркало
 аңдар – звери
 асық – альчик
 асық ойнау – играть в альчики
 ашықхат – открытка
 әдетте – обычно
 ән айт – пой
 ән үйірмесі – кружок пения
 балмұздақ – мороженое
 баскіім – шапка, головной убор
 бәліш – пирог
 бәтеңке – ботинки
 белдемше – юбка
 белдік – ремень
 би – танец
 биле – танцуй
 би үйірмесі – танцевальный кружок
 бөрік – национальный головной убор
 бірге – вместе
 бірдей – одинаковый (-ая, -ое, -ые)
 домбыра үйірмесі – кружок по игре на домбре
 еден жуамын – мою полы
 ерте – рано
 ертегі – сказка
 жаз – пиши
 жайнау – сиять
 жаңа – новый (-ая, -ое, -ые)
 жарық – светлый (-ая, -ое, -ые)
 жаттығу жаса – делай зарядку
 жейде – рубашка
 жуамын – мою, стираю
 жұқа – тонкий (-ая, -ое, -ие)
 кеңес – совет
 көмектесемін – помогаю
 күнде – каждый день
 күн тәртібі – распорядок дня
 күрте – куртка
 кілем – ковёр
 кілем тазалаймын – чищу ковёр
 кітап сөресі – книжная полка
 қияр – огурец

қолғап – варежки
 қолшатыр – зонт
 мынау – это, эта, эти
 өшір – сотри
 сағат – часы
 сайыс – соревнование
 сал – *здесь*: положи
 саябақ – парк
 серуенде – погуляй
 суда жүзу – плавать
 сурет – рисунок
 сурет үйірмесі – кружок рисования
 сүйікті іс – любимое дело
 сүртемін – вытираю
 сыз – черти
 сыйлық – подарок
 сыр – секрет
 тағам – пища
 тазала – почисти
 тазалаймын – чищу
 таңдану – удивляться
 тарту – играть (на музыкальном инструменте)
 татуласу – мириться
 тон – шуба
 туған күн – день рождения
 түсте – в обед
 тіл үйрен – изучай язык
 үйрен – научись
 үстінде – над, наверху
 хайуанаттар бағы – зоопарк
 шаң сүртемін – вытираю пыль
 шөп – сено
 шынығу – закаляться
 ірімшік – сыр

2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

адал – честный
 азамат – гражданин
 ақылды – умный (-ая, -ые)
 алақан – ладонь
 аласа бойлы – низкого роста
 алғыс – благодарность
 асүй – кухня
 әдемі – красивый (-ая, -ое, -ые)

әдепті – вежливый (-ая, -ое, -ые)
 бақытты – счастливый (-ая, -ое, -ые)
 балабақша – детский сад
 бауырмал – отзывчивый, любезный (-ая, -ое, -ые)
 бой – рост
 бұйым – вещь, предмет
 білезік – браслет
 ғажайып – удивительный (-ая, -ое, -ые)
 ғажап – прекрасный (-ая, -ое, -ые)
 дастарқанға шақыру – пригласить к столу
 дәрі – лекарство
 домбыра тартады – играет на домбре
 домбыра тарту – играть на домбре
 дос – друг
 еркелетеді – балует
 ертең – завтра
 жақсы болу – быть хорошим
 жақсылық – добро
 жалқау – ленивый (-ая, -ое, -ые)
 жалқау емес – неленивый (-ая, -ое, -ые)
 жаңалық – новость
 жас – лет, возраст
 жәндік – насекомое
 келбет – внешность
 кеңпейіл – добрый (-ая, -ые)
 кешіреді – прощает
 көңілді – весёлый (-ая, -ые)
 көрші – сосед
 көшіру – списывать
 күй – кюй, мелодия
 күлу – смеяться
 кірпіш – кирпич
 қамқор – заботливый (-ая, -ые)
 қию – резать
 қобыз тартады – играет на кобызе
 қуантады – радуется
 қуану – радоваться
 құлақ тосу – прислушаться
 құрметтеу – почитать
 қысқа – короткий
 мақтану – хвастаться
 мейірбан – милостивый, милосердный, великодушный (-ая, -ое, -ые)
 мейірімді – добрый (-ая, -ые)
 моншақ – бусы

мінез-құлқы – поведение, характер
ою – орнамент
өнерлі – талантливый (-ая, -ое, -ые)
өтірік – ложь
пісіреді – готовит
салмақты – серьёзный (-ая, -ые)
сенімді – верный (-ая, -ые)
сөзге құлақ тосу – прислушаться
сүйікті – любимый (-ая, -ое, -ые)
сыбызғы – флейта
сызу – чертить
сыйлайды – уважает
сыйлау – уважать
сыйлық жасау – сделать подарок
сырға – серьги
тарайды – распространяется
тату – дружный (-ая, -ое, -ые)
татуласу – мириться
тоқу – вязать
тігу – шить
тілек – пожелание
ұзын – длинный (-ая, -ое, -ые)
ұзын бойлы – высокого роста
шағын – маленький (-ая, -ое, -ые)
шақырды – пригласил (-а, -и)
шақыру – приглашать
шебер – мастер

3. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

ал – бери
алаң – площадь
аспаз – повар
асхана – столовая
ауысым – смена
аш – открой
бағбан – садовод
баптау – ухаживать
берші/беріңізші – дай/дайте
би залы – танцевальный зал
билейміз – танцуем
дайындал – готовься
дәрігер – врач
еден жуушы – уборщица
жүгіреміз – бегаем

зерлеу – нашивать позумент, украшать вышивкой из ниток
 кең – просторный (-ая, -ое, -ые)
 киім ілетін орын – гардероб
 көмектесті – помогли
 кірді – зашли
 кітапхана – библиотека
 кітапханашы – библиотекарь
 қайда? – куда?
 қайтала – повтори
 қызық – интересно
 музыка мектебі – музыкальная школа
 мүсінші – скульптор
 ойнаймыз – играем
 ойын алаңы – игровая площадка
 пән – предмет
 рақмет айтты – поблагодарил (-а, -и)
 ретте – упорядочивай
 сана – считай
 секіреміз – прыгаем
 сөйле – говори
 спортзал – спортзал
 су құю – поливать
 сұра – спроси, спрашивай
 сүйікті – любимый (-ая, -ое, -ые)
 сұрт – вытри, вытирай
 табу – находить
 танысу – знакомиться
 ұнайды – нравится
 ұнайтын орын – любимое место
 ұнамайды – не нравится
 үзіліс – перемена
 шеберхана – мастерская
 іс-әрекет – действие

4. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

ағаш – дерево
 асқар тау – высочайшая гора
 ат – конь
 атқа міну – кататься на коне
 ауа – воздух
 аулау – ловить
 бақ – сад
 бақша – огород
 бақыт мекені – обитель счастья
 балық аулау – ловить рыбу

батыс – запад
 биік – высокий (-ая, -ое, -ие)
 гүл теру – собирать цветы
 ғимарат – здание
 дала – степь
 дәмді – вкусный (-ая, -ое, -ые)
 ел – страна
 жанында – возле
 зәулім – высокий (-ая, -ое, -ие)
 көбелек қуу – ловить бабочку
 көк шалғын – густая зелёная трава
 көл – озеро
 көпұлтты – многонациональный (-ая, -ое, -ые)
 көрме – выставка
 көрікті – красивый (-ая, -ое, -ые)
 қай? – какой?
 қасында – рядом
 қозы – ягнёнок
 қозы бағу – пасти ягнёнка
 қуу – догонять
 құрылысшы – строитель
 қыран – орёл
 мақтану – гордиться
 мөлдір – прозрачный (-ая, -ое, -ые)
 мұражай – музей
 ойын-сауық – развлечение, веселье
 оңтүстік – юг
 орман – лес
 орналасқан – расположен (-а, -о, -ы)
 өсімдік – растение
 салу – *здесь*: строить
 сәулетші – архитектор
 серуендеу – гулять
 солтүстік – север
 спорт кешені – спортивный комплекс
 су тасу – носить воду
 суда жүзу – плавать
 табиғат – природа
 тау – гора
 теру – собирать
 тұнық – прозрачный, чистый (-ая, -ое, -ые)
 ұлт өкілі – представитель нации
 шомылу – купаться
 шығыс – восток

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР

Грамматикалық бірліктер	Сұрақтары	Мысалдары
Зат есім – заттың, ұғымның атын білдіретін сөздер.	<i>кім? кімдер? не? нелер?</i>	<i>Ән, бөлме, көйлек, тіл, пәтер, сурет, шалбар, жейде, дастарқан. Анам шақырды. Мөлдір тілек айтты. Жаттығу пайдалы. Далада бәйшешек өседі.</i>
Сын есім – заттың түсін, сын-сипатын, сапасын білдіретін сөздер.	<i>қандай? қай?</i>	<i>Жарық, қысқа, сүйікті, тәртіпті, әдепті, дәмді, жақсы, үлкен, тату. Таза бөлме, тәртіпті бала, таза ауа, мөлдір бұлақ, жасыл орман. Ол – қамқор адам.</i>
Сан есім – заттың санын, ретін білдіретін сөздер.	<i>неше? нешінші? қанша? нешеден? нешеу?</i>	<i>Бір, бес, бесінші, жетіден, екеу. Алты қалам. Екінші сынып. Дәптер бесеу. Алма үштен.</i>
Есімдік – зат есім, сын есім және сан есімдердің орнына қолданылатын сөздер.	Жіктеу есімдігі: <i>мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.</i> Сілтеу есімдігі: <i>бұл, анау, осы, міне, мынау.</i> Сұрау есімдігі: <i>кім? кімдер? не? нелер? неше? қай? қайда? қалай? қашан? неге?</i>	<i>Біз оқушымыз. Олар – оқушылар.</i> <i>Бұл – асхана.</i> <i>Сен қайда болдың?</i>
Етістік – заттың іс-әрекетін, қимылын білдіретін сөздер.	<i>не істеді? не қылды? қайтты?</i>	<i>оқыды, жазды, берді, барды, көрді, келді, ашты, жапты</i>
Үстеу – қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын, мөлшерін, амалын) білдіретін сөздер.	<i>қайда? қайдан? қашан? қалай? қанша?</i>	<i>Күнде сабаққа барамын. Саябаққа жаяу бардық. Қазір дәрігерге барамын. Көктемде күн жылы. Жазда ауылға барасың ба?</i>

Болымсыз етістік істің жүзеге аспауын білдіреді.	Болымсыз етістік екі түрлі жолмен жасалады: 1) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары арқылы; 2) «жоқ», «емес» сөздерінің тіркесуі арқылы	Қызыл бағдаршамға <i>жүрме!</i> Ағашты <i>сындырма!</i> сабақ <i>жоқ</i>, қар <i>жоқ</i>, мен <i>емес</i>, мұғалім <i>емес</i>
--	--	--

Тәуелдік жалғаулары

Жақ	Есімдік	Жекеше түрі	Мысалдар
<i>I жақ</i>	Менің	-м, -ым, -ім	әке+м, Отан+ым, гүл+ім, бөлме+м
<i>II жақ</i>	Сенің Сіздің	-ң, -ың, -ің -ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	әке+ң, Отан+ың, гүл+ің, бөлме+ң әке+ңіз, Отан+ыңыз, гүл+іңіз, бөлме+ңіз
<i>III жақ</i>	Оның	-сы, -сі, -ы, -і	әке+сі, Отан+ы, гүл+і, бөлме+сі

Жақ	Есімдік	Көпше түрі	Мысалдар
<i>I жақ</i>	Біздің	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз	әке+міз, Отан+ымыз, гүл+іміз, бөлме+міз
<i>II жақ</i>	Сендердің Сіздердің	-дарың, -дерің, -ларың, -лерің, -тарың, -терің -дарыңыз, -деріңіз, -ларыңыз, -леріңіз, -тарыңыз, -теріңіз	әке+лерің, Отан+дарың, гүл+дерің, бөлме+лерің әке+леріңіз, Отан+дарыңыз, гүл+деріңіз, бөлме+леріңіз
<i>III жақ</i>	Олардың	-дары, -дері, -лары, -лері, -тары, -тері	әке+лері, Отан+дары, гүл+дері, бөлме+лері

Септік жалғаулары

Грамматикалық бірліктер	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдары
Атау септік /Именительный падеж/	кім? не?	Жалғауы жоқ.	ата, әже, аспаз, дәрігер, мектеп, көше, нан, су
Ілік септік /Родительный падеж/	кімнің? ненің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	Менің Отаным. Әжемнің бауырсағы. Дәрігердің кеңесі. Дәруменнің пайдасы. Біздің қонағымыз.
Барыс септік /Направительно-дательный падеж/	кімге? неге? қайда?	-ға, -ге, -қа, -ке	Шыңғысқа тілек айт. Дастарқанға кел. Орманға бардым. Тауға шықтым.

Грамматикалық бірліктер	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдары
Табыс септік /Винительный падеж/	<i>кімді? нені?</i>	<i>-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті</i>	Сыйлықты бердім. Мен Отанымды жақсы көремін. Жануарды көрдім. Өлеңді жаттаймын.
Жатыс септік /Местный падеж/	<i>кімде? неде? қайда?</i>	<i>-да, -де, -та, -те</i>	Кітап үстелде жатыр. Мен емханада болдым. Орманда аңдар бар. Далада ойнадым.
Шығыс септік /Исходный падеж/	<i>кімнен? неден?</i>	<i>-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен</i>	Айжаннан сұра. Қонақтан келдім.
Көмектес септік /Творительно-соединительный падеж/	<i>кіммен? немен?</i>	<i>-мен, -бен, -пен</i>	бала+мен, қыз+бен, сынып+пен. Сабынмен жуындым.

Жіктік жалғаулары

Грамматикалық бірліктер	Жалғаулары	Мысалдары
Жекеше түрі <i>I жақ</i> <i>II жақ</i> <i>III жақ</i> Көпше түрі <i>I жақ</i> <i>II жақ</i> <i>III жақ</i>	<i>-мын, -мін; -бын, -бін; -пын, -пін</i> <i>-сың, -сің; -сыз, -сіз</i> <i>жалғауы болмайды</i> <i>-мыз, -міз; -быз, -біз; -пыз, -піз</i> <i>-сыңдар, -сіңдер; -сыздар, -сіздер</i> <i>жалғауы болмайды</i>	Біз оқушымыз. Олар – оқушылар.

Көптік жалғаулары

Грамматикалық бірліктер	Жалғаулары	Мысалдары
Сөздер жекеше және көпше түрде қолданылады. Көптік мағынаны білдіру үшін сөздерге көптік жалғау жалғанады.	<i>-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер</i>	бала+лар, үй+лер, қыз+дар, гүл+дер, кітап+тар, мектеп+тер. Құстар – біздің досымыз. Көбелектер өдемі.

Сөйлем түрлері

Грамматикалық бірліктер	Жасалу жолдары	Мысалдары
Хабарлы сөйлем бір нәрсе туралы хабарлау мақсатында айтылады.	Тыныс белгісі: . (нүкте белгісі)	<i>Кітап үстелде жатыр. Мен Отанымды жақсы көремін.</i>
Сұраулы сөйлем бір нәрсе туралы сұрап білу мақсатында айтылады.	Тыныс белгісі: ? (сұрақ белгісі) <i>1. Кім? не? қанша? қашан? қайда? немен?</i> сұрақтары арқылы <i>2. ма, ме, ба, бе, па, пе</i> сұраулық шылаулары арқылы	<i>Бұл не? Сен қайда болдың? Ауылға қашан барамыз? Сендер саяхатқа немен барасыздар? Сендер саяхатқа шықтыңдар ма?</i>
Бұйрықты сөйлем бір нәрсені орындауды бұйыру мақсатында айтылады.	Тыныс белгісі: ! (леп белгісі)	<i>Бөлмені жина! Жақсы бол! Жақсы адам бол! Қамқор бол! Дәптерді аш! Орындықты ал!</i>

Сөздің грамматикалық мағыналары

Грамматикалық бірліктер	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдары
Меншіктік мағына бір нәрсенің біреуге тиесілі екенін білдіреді.	<i>кімнің? ненің?</i>	түбір сөз + ілік септігінің жалғауы – түбір сөз + жіктік жалғау	<i>Менің бөлмем. Менің сүйікті ісім. Дөрігердің кеңесі. Дәруменнің пайдасы. Біздің қонағымыз.</i>
Шақтық мағына іс-әрекеттің жасалу мезгілін білдіреді.	<i>Не істеймін? Не істейсің? Не істейсіз? Не істеді? Не істедім? Не істедің? Не істеп отыр? Не істеп тұр?</i>	Күнделікті іс-әрекет: түбір сөз + жұрнақ + жалғау Өткен іс-әрекет: түбір сөз + жалғау Осы іс-әрекет: көмекші етістік	<i>Мен жина+й+мын. Сен биле+й+сің. Сіз ән айт+а+сыз. Ол көмектес+е+ді. Мен үйрен+е+мін. Бәйшешек тер+е+міз. Орманға бар+ды+м. Көзім ауыр+ды. Олар шық+ты+қ. Атам төрде отыр. Үміт тақтада тұр.</i>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз!.....	3
----------------	---

1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-сабақ. Өзім туралы.....	4
2-сабақ. Менің үйім	6
3-сабақ. Менің бөлмем	8
4-сабақ. Менің күн тәртібім	10
5-сабақ. Менің ас мәзірім	12
6-сабақ. Менің киімдерім	14
7-сабақ. Қандай киім киеміз?	16
8-сабақ. Менің сүйікті ісім – кітап оқу	18
9-сабақ. Үйірмеге шақырамын	20
10-сабақ. Менің сүйікті үйірмем	22
11-сабақ. Менің демалыс күнім	24
12-сабақ. Менің туған күнім	26
13-сабақ. Уақыт кестесі.....	28
14-сабақ. Сен не үйрендің?	30

2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

1-сабақ. Менің отбасым	32
2-сабақ. Отбасы мүшелері.....	34
3-сабақ. Менің атам мен әжем.....	36
4-сабақ. Менің әкем	38
5-сабақ. Менің анам	40
6-сабақ. Менің ағам	42
7-сабақ. Менің әпкем	44
8-сабақ. Өнерлі отбасы	46
9-сабақ. Қамқорлық.....	48
10-сабақ. Менің досым	50
11-сабақ. Сыйлық жасаймын	52
12-сабақ. Менің ең жақын досым	54
13-сабақ. Отбасым және достарым	56
14-сабақ. Сен не үйрендің?	58

3. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

1-сабақ. Менің мектебім	60
2-сабақ. Біздің сыныпта	62
3-сабақ. Оқу құралдары	64
4-сабақ. Мектептегі сүйікті орным	66
5-сабақ. Үзілісте	68
6-сабақ. Мектептегі өмір	70
7-сабақ. Мектебіме саяхат	72
8-сабақ. Еңбек	74
9-сабақ. Қай пән ұнайды?	76
10-сабақ. Сен не үйрендің?	78

4. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

1-сабақ. Менің Отаным	80
2-сабақ. Отанымның табиғаты	82
3-сабақ. Отан отбасынан басталады	84
4-сабақ. Еліміздің астанасы	86
5-сабақ. Қазақстан – бақыт мекені	88
6-сабақ. Көрікті қала	90
7-сабақ. Сен қайда тұрасың?	92
8-сабақ. Армысың, ауыл!	94
9-сабақ. Жайлауда	96
10-сабақ. Сен не үйрендің?	98

Қазақша-орысша сөздік	100
Грамматикалық анықтамалар	106

Учебное издание

**Кайырбекова Айтбала Ибраимовна
Нукебаева Бахытхан Сеитхановна
Мухамеджанова Асем Куанышевна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Учебник для 2 класса общеобразовательной школы
с русским языком обучения

Редакторы *Р. Райбаева, Г. Н. Жарылгасимова*

Художник *Б. Ералиева*

Художественные редакторы *А. Беккожанова, А. Лукманов*

Технический редактор *О. Рысалиева*

Корректор *Е. Амангельды*

Компьютерная верстка *Э. Омаровой*

ИБ № 032

Сдано в набор 11.04.2021. Подписано в печать 14.06.2022. Формат 70x100 ¹/₁₆.

Бумага офсетная. Гарнитура «Школьная». Печать офсетная. Усл. печ.л. 9,1.

Уч.-изд.л. 4,63. Тираж 100 000 экз. Заказ № 6788.

ТОО «Корпорация «Атамұра», 050000, г. Алматы, пр. Абылай хана, 75.

Полиграфкомбинат ТОО «Корпорация «Атамұра» Республики Казахстан,

050002, г. Алматы, ул. Макатаева, 41.



Оқулықтың электронды нұсқасы-
ның QR-коды (PDF форматта)



Тыңдалым материалдары және
оларды жүктеп алу QR-коды